АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 10 қазан

№ 226-н/к

Астана қаласы әкімдігінің "Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Астана қаласы әкімдігінің "Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілсін.

2. Астана қаласы әкімдігінің Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

1) Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Астана қаласы әкімдігінің Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жалпы кезең 2023 жылғы маусымнан 2024 жылғы қазанға дейінгі кезең болып белгіленсін.

4. Жұмыс тобына:

1) 2024 жылдың 15 қазанына дейін талдамалық анықтаманы келісуді және оған қол қоюды қамтамасыз ету.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.М.Омашеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 10 қазан

№ 227-н/к

Қызметкерлер арасында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениетті қалыптастыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру және қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту бойынша қосымша шаралар туралы» Жарлығының 2-тармағын басшылыққа алып, және қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Омашева Г.М., Усембаева А.Б.:

- мектеп білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау мақсатында «Жеке жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаттары өткізілсін;

- мектеп қызметкерлері арасында қызметкерлермен қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту мақсатында журналға қол қою арқылы таныстыру жұмыстарын өткізсін және әрдайым жаңадан қабылданған қызметкерлермен түсіндіру, журналға қол қою арқылы таныстыру жұмыстарын жүргізсін;

- құзырлы орган қызметкерлерімен әр жарты жылдық сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шара, кездесулер ұйымдастырсын.

- мектеп басшыларымен, педагог қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша семинарлар өткізсін;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасу бойынша диалог алаңдарын ұйымдастырсын (диалог алаңдары);

- ата-аналар жиналысын өткізу барысында заңсыз ақшалай қаражат жинаудың алдын алсын;

- мектепте ақша қаражатын заңсыз жинауға тыйым салу туралы бұйрықты жарияласын;

- мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық бұрыштар жаңартылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 11 желтоқсан

№ 258-н/қ

Заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес, Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 5 ақпандағы №195 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Омашева Г.М., Сулейменова А.Е.:

1) ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, мектепті аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

3) мектепте ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге шара қолданылсын;

4) ұжымды осы ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрығымен таныстырсын (*1-қосымша*).

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда мектеп қызметкерлеріне лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.М.Курмановаға жүктелсін.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 5 наурыз
Астана қаласы

№ 57-и/қ
город Астана

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мен
22-наурыз мерекелер қарсаңында
заңсыз сыйлық алуға,
ақша жинауға қатаң тыйым салыну туралы

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мен 22-наурыз мерекелер қарсаңында Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12-бабын сақтау мақсатында, Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 21 ақпандағы №107-04-30/304 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Омашева Г.М., директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Бухарбаева А.О.:

- заңсыз сыйлық алуға, оның ішінде ата-аналардан, жеткізушілерден және басқа да тұлғалардан сыйлықтар алуға, сондай-ақ білім беру және басқа да мемлекеттік қызметкерлерге сыйлықтар әкелуге (беруге) қатаң тыйым салынсын;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарының педагогтердің және басқа қызметкерлердің арасында, оның ішінде ресми сайттарда, білім беру ұйымдарда, ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы сыйлық алуға және сыйға тартуға тыйым салу туралы белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет;

- сонымен қатар, қызметтен тыс уақытта, әсіресе қоғамдық орындарда достардың, туған-туыстардың арасында мерекелік іс-шаралар өткізілген кезде, әр-қызметкер жеке басының тәртібіне маңыз аударып, осы іс-шаралардан сурет, бейнетүсірілімдерді әлеуметтік желілердегі жеке аккаунтарға орналастырылған кезде мінез-құлық нормаларына назар аударсын;

- жоғарыда аталған ескертулер орындалмаған жағдайда, қызметкерлерге лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылатын болады.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 2 қыркүйек

№ 182-н/к

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жауапты қызметкерлер туралы

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын және Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2021 жылғы 20 қазандағы №107-04-30-994 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыру міндетін директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Галия Молдатаевна Омашеваға жүктелсін:

Мүшелері:

Жанабилова А.А.- директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

Канафиева З.Р.- директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары;

Ерменова Б.А. – бас есепші;

Джексенбаева А.А. – іс жүргізуші;

Мусаева А.С. – қамқорлық кеңесінің төрайымы.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметке сыбайлас жемқорлықтан алдын ала сақтандыру жөніндегі жүргізілген іс-шаралар бойынша есепті:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі есебін Білім басқармасына тоқсан сайын жіберілсін. Жауапты: Г.М.Омашева;

2) жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі әр айдың 10 күні есепті мектеп сайтына енгізілсін. Жауапты: Г.М:Омашева.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 5 наурыз
Астана қаласы

№ 47-н/қ
город Астана

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мен 22-Наурыз мерекелер қарсаңында сыйлықтар алуға тыйым салу туралы

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мен 22-Наурыз мерекелер қарсаңында Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12-бабын сақтау мақсатында, Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 5 наурыздағы №107-04-30/389 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Омашева Г.М., Сулейменова А.Е.:

- ата-аналардан, жеткізушілерден және басқа да тұлғалардан сыйлықтар алуға, сонымен қатар Білім басқармасының қызметкерлеріне және басқа да мемлекеттік лауазымды тұлғаларға сыйлықтар әкелуге (беруге) қатаң тыйым салсын;
- сыйлықтар алуға тыйым салу туралы ақпаратты мұғалімдердің, қамқоршылық кеңестердің, ата-аналар комитеттерінің және ата-аналар қоғамының назарына жеткізсін;
- мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің сыйлықтар алу фактілері расталған жағдайда қызметкерлерге лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылатын болады;
- сонымен қатар, қызметтен тыс уақытта, әсіресе жолдас-жоралардың, туған-туыстардың арасында мерекелік іс-шаралар қоғамдық орындарда өткізілген кезде, әр-қызметкер жеке басының тәртібіне маңыз аударып, осы іс-шаралардан сурет, бейнетүсірілімдерді әлеуметтік желілердегі жеке аккаунтарға орналастырылған кезде мінез-құлық нормаларына назар аударсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 10 ақпан **№ 32-н/қ**

Заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес, Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 7 ақпандағы №243 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Омашева Г.М., Сулейменова А.Е.:

1) ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, мектепті аттестациялауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

3) мектепте ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге шара қолданылсын;

4) ұжымды осы ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрығымен таныстырсын (*1-қосымша*).

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда мектеп қызметкерлеріне лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.М.Курмановаға жүктелсін.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**